

ES-699

MASONEILAN ЖАБДЫҒЫН ОРНАТУ БОЙЫНША АРНАЙЫ НҰСҚАУЛАР

ЖАРЫЛҒЫШ ГАЗ АТМОСФЕРАСЫНЫҢ НЕМЕСЕ ТҰТАНҒЫШ ШАҢНЫҢ
ЫҚТИМАЛ ПАЙДА БОЛУ МҮМКІНДІГІ БАР АЙМАҚТАРДАҒЫ SVI-II AP

1 КІРІСПЕ

Бұл нұсқаулықта ықтимал жарылу қаупі бар газ ортасы жағдайында SVI-II AP аспабын қауіпсіз орнату, жөндеу және пайдалану талаптары қамтылған. Осы талаптарды орындау SVI-II AP қоршаған атмосфераның тұтануын тудырмайтындығына кепілдік береді. Процесті *басқарумен* байланысты қауіптер осы нұсқаулық шеңберінен тыс шығады.

Нақты клапандарды монтаждау нұсқауларын монтаждық жиынтыққа қоса берілетін монтаждау нұсқауларынан қараңыз. Монтаждау SVI-II AP ықтимал қауіпті ортада қолдануға жарамдылығына есер етпейді.

SVI-II AP аспабын дайындаған компания:

Dresser LLC.
12970 Normandy Blvd
Jacksonville FL 32221 USA (АҚШ)

2 НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР

!ЕСКЕРТУ!

Осы нұсқаулықтағы нұсқаулар мен ұйғарымдарды орындамау персоналдың өліміне немесе мүліктен айырылуға әкеп соғуы мүмкін.

Монтаждау және техникалық қызмет көрсету жұмыстарын тек білікті персонал орындауы керек. Пайдалану аймағының жіктелімі, қорғау типі, температура сыныбы, газ қоспасының тобы және ішке енуден қорғау заттаңбада көрсетілген талаптарға сәйкес болуы керек.

Электр сым және құбыржол жалғанымдары осы типті бұйымдарды монтаждау бойынша жергілікті және мемлекеттік ұйғарымдарға сәйкес болуы керек. Электр сымның температуралық төзімділігі қоршаған ортаның максималды ықтимал температурасынан кем дегенде 5 °C жоғары болуы керек.

Су мен шаңның енуінен қорғау үшін сертифицикатталған сым тығыздағыштар қажет, ал NPT бұрандасы бар фитингтер су мен шаңның енуінен қорғаудың ең жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін таспамен немесе бұрандалы герметикпен бітелуі керек.

Егер қорғаныс түрі кабельдік кірмелерге байланысты болса, онда кірмелер қажетті қорғаныс түріне сәйкес сертифицикатталуы керек.

Металл корпус негізгі компонент ретінде алюминийлі құйылған қорытпадан жасалған.

SVI-II AP-қа электр қуатын беру алдында:

1. Пневматикалық және электронды блоктың қақпағының бұрандамалары тартылғанына көз жеткізіңіз. Бұл өртке қауіпсіз корпустың қорғаныс деңгейі мен тұтастығын сақтау үшін маңызды.
2. Егер қондырғы ұшқынқауіпсіз болса, тиісті тосқауылдардың орнатылғанын, ал далалық электр сымдарының жергілікті және ұлттық нормаларға, сондай-ақ ұшқынқауіпсіз қондырғылардың ережелеріне сәйкес келетіндігін тексеріңіз. Бұрын ұшқынқауіпсіз тосқауылсыз орнатылған құрылғыны ұшқынқауіпсіз жүйеге ешқашан орнатпаңыз.
3. Қалыпты пайдаланған кезде берілетін сығылған газ SVI II AP аспабынан қоршаған ортаға шығарылады және қосымша сақтық шараларын немесе арнайы қондырғыларды қажет етуі мүмкін.
4. Егер қондырғы өртке қауіпсіз болмаса, электр қосылымдарының барлығы бекітілген құрылғылармен бірге орындалғанын, ал электр сымдарының жергілікті және ұлттық ережелерге сәйкес келетіндігін тексеріңіз.
5. Пайдалану жағдайлары заттаңбадағы таңбалауға сәйкес келетінін тексеріңіз.
6. Ауа беру қысымы тиісті заттаңбадағы таңбадан аспайтынына көз жеткізіңіз.

3 SVI-II AP МОДЕЛІ, НӨМІРІ, СИПАТТАМАСЫ

“SVI2-abcdefgh” (кейбір тіркесімдер қолжетімді емес)

SVI2-	a	b	c	d	e	f	g	h
0								Жалпы (қажет болған жағдайда ұлттық таңбалау)
1		Біржақты әрекет	Стандартты шығыс	Дисплейсіз Батырмаларсыз Өнеркәсіптік		Найт 4-тен 20 MADC дейін	Жоқ	eFMus, ATEX, IEC, өңірлік (4) (XP, DIP, IS, NI)
2	SD – стандартты диагностика Қашықтан өлшеу	Екіжақты әрекет	Жоғары өнімділік	Дисплей Батырмалармен Өнеркәсіптік (1)			Ретрансляция және цифрлық шығыс (2)	
3	AD – кеңейтілген диагностика Қашықтан өлшеу			Дисплейсіз Батырмаларсыз Теңіз	Косылатын модуль Электроника блогы		Ретрансляция (3)	eFMus, ATEX (IS, NI)
4	OD – желел диагностика Қашықтан өлшеу			Дисплей Батырмалармен Теңіздік (1)				
5	PC – процесс контроллері Қашықтан өлшеу							
6								Атомдық энергетика үшін eFMus, ATEX, IEC (XP, DIP, IS, NI)
	Орындалуы	Пневматикалық жүйе	Өнімділік	Дисплей	Электроника	Байланыс жүйесі	Опция	Қауіпті аймақтарға арналған сертификаттау

- (1) SVI-II AP аспабы дисплей мен батырмаларды қосу арқылы өз орнында жаңғыртылуы мүмкін.
- (2) SVI2-abcdefg0 моделі үшін қолданылмайды
- (3) Цифрлық шықпасаы ретрансляция тек SVI2-abcdefg0-де қолжетімді
- (4) Өңірлік сертификаттар: CU-TR, Nepsi, CCOE, Immetro, Kosha, IA

4 ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН ЖАРЫЛЫС-ШАҢ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

4.1 Жалпы ережелер

1/2 дюймдік NTP бұрандасы бар фитингтер корпусқа кем дегенде бес толық айналымға енуі керек. Жеткізу кезінде құрылғымен бірге орнатылған кез келген NPT бұрандасы бар бітеуішті ауыстырған кезде немесе қандай да бір пайдаланылмаған порттарға бітеуішті орнатқан кезде, оны қауіпті аймақтарға орнату үшін тиісті сертификатталған бітеуішпен ауыстырыңыз. Ернемеке-қақпақ таза болуы керек және тоттану өнімдері болмауы керек.

4.2 Кабельдік кірмелер

Сертификатталған кабельдік кірмелер осы құрылғы орнатылатын жарылыс қауіп бар аймаққа байланысты қажет. Яғни, пайдаланылатын нақты кабельдік кірме заттаңбада құсбелгімен белгіленгенмен бірдей сертификатқа ие болуы керек.

4.3 Бұрандалы бекіткіш

Затбелгідегі «X» таңбалуы – M8 X 1.25-6g қақпағының бұрандаларын Masoneilan компаниясы жеткізуі керек. Ауыстыруға тыйым салынады. Ең төменгі аққыштық шегі 296 Н/мм² (43 000 фунт/шаршы дюйм) болуы керек

4.4 Көміртек дисульфидін алып тастау

Көміртек дисульфидіне тыйым салынады. (IEC 60079-1, 15.4.3.2.2-тармақ, көлемі 100 см3-тен асатын корпуслар үшін көміртегі дисульфидіне тыйым салынады)

4.5 Электростатикалық разряд

Затбелгідегі «X» таңбалауы электростатикалық зарядтың ықтимал қауіпін білдіреді. Қауіпсіз пайдалану мақсатымен, тек аспапты тазалау немесе сурту кезінде және тек қоршаған ортада ықтимал жарылуға қауіпті көздер болмаған жағдайда ғана дымқыл шүберекті пайдаланыңыз. Құрғақ шүберекті пайдаланбаңыз. Еріткішті қолданбаңыз.

4.6 Шаң

Затбелгідегі «X» таңбалауы – шаңды қауіпті аймақтарда, 20, 21 және 22 аймақтарда орнатылған аспаптар; қандай да бір бетте шаң қабаттарының жиналуын болдырмау үшін үнемі тазаланып отыру керек. Электростатикалық разряд қауіпін болдырмау үшін EN TR50404-те баяндалған нұсқауларды орындау қажет. Қауіпсіз жұмыс істеу үшін құрылғыны тазалау немесе сурту кезінде тек дымқыл шүберекті пайдаланыңыз. Тазалау, құрылғының айналасындағы жағдайлар ықтимал жарылу қауіпін бар орта болмаған кезде ғана жүргізілуі керек. Құрғақ шүберекті немесе еріткіштерді қолданбаңыз.

5 ҰШҚЫН ҚАУІПСІЗДІККЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

5.1 Бөл. 2

ЕСКЕРТУ: ЖАРЫЛЫС ҚАУІПІ – ҚУАТ ӨШІРІЛМЕГЕН КЕЗДЕ НЕМЕСЕ ҚАУІПСІЗ ЕМЕС АЙМАҚТА ЖАБДЫҚТЫ АЖЫРАТПАҢЫЗ.

5.2 II-санат 1 (0-аймақ)

II 1 санаттағы қауіпті аймақта пайдалану үшін электр қосылымдарын асқын кернеуден қорғауды EN 60079-14 сәйкес орнату қажет

II 1 санаттағы қауіпті аймақта пайдалану кезінде қоршаған ортаның температурасы EN 1127-1 (төмендеу коэффициенті 80%) талаптарына сәйкес төмендетілуі тиіс. 1-санатты қоса алғанда қоршаған ортаның рұқсат етілген ең жоғары температурасы EN1127-1 талаптарына сәйкес келеді:

T6: Ta = –40 C бастап +43 C дейін

T5: Ta = –40 C бастап +55 C дейін

T4: Ta = –40 C бастап +83 C дейін

5.3 II-санат 1 (0-аймақ)

Затбелгідегі «X» таңбалауы – SVI2-abcdefgh (SVI-II AP) аспабында 10%-дан астам алюминий болғандықтан, жану кезінің туындауына әкелуі мүмкін соққылар мен үйкелістерді болдырмау үшін орнату кезінде абай болу керек.

5.4 II 3 санат (2-аймақ)

«іс» қорғанысын пайдалана отырып, 3-санаттағы (2-аймақ) аймақтарға орнату кезінде «іс» қауіпсіздік тосқауылдары талап етіледі.

6 ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ҰШҚЫН ҚАУІПСІЗДІГІ ТАҢБАЛАУЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Қолданылатын модель нөмірлері:

SVI2-abcdefgh: «a» бастап «h» дейін келесі мәндерді қабылдауға болады:

a = 2,3,4,5; b = 1,2; c = 1,2; d = 1,2,3,4; e = 3; f = 1; g = 1,2,3; h = 1,6

6.1 Өндірушінің атауы мен мекенжайы

Dresser LLC.

12970 Normandy Blvd.

Jacksonville FL 32221 USA (АҚШ)

6.2 Сертификаттаушы органның таңбалауы бойынша жиынтық деректер

(Factory Mutual)



APPROVED

{Сертификаттаушы ұйым}

A XP ТОБЫНЫҢ ҚОНДЫРҒЫЛАРЫ КОРПУСТАН 18 ДІОЙМ ШЕГІНДЕ КАБЕЛЬ ӨТКІЗГІШТІҢ ТЫҒЫЗДАҒЫШЫН ҚАЖЕТ ЕТЕДІ

IS – CL I/II/III; 1-бөлім; A, B, C, D, E, F, G топтары {Ұшқынқауіпсіз}

XP – CL I; 1-бөлім; A, B, C, D топтары {Жарылуға қауіпсіз}

NI – CL I; 2-бөлім; A, B, C, D топтары {Тұтанбайтын}

DIP – CL II/III; 1-бөлім; E, F, G топтары {Жарылыс-шаңнан қорғалған}

S – Кл. II/III; 2-бөлім; F, G топтары {Арнайы қорғаныс}



APPROVED

{Сертификаттаушы ұйым}

Кл. I; 1-бөлім; B, C, D топтары

{Жарылуға қауіпсіз, газ}

Кл. II; 1-бөлім; E, F, G топтары

{Жарылуға қауіпсіз, шаң}

Кл. III, 1-бөлім

{Жарылуға қауіпсіз, талшық}

IS – Кл. I; 1-бөлім; A, B, C, D топтары

{Ұшқынқауіпсіз, газ}

IS – Кл. II; 1-бөлім; E, F, G топтары

{Ұшқынқауіпсіз, шаң}

IS – Кл. III; 1-бөлім

{Жарылуға қауіпсіз, талшық}

(ATEX/ Ұлыбритания)



{Жарылыс қорғанысы таңбаламасы}



XXXX

{CE сәйкестік таңбаламасы,



QAN уәкілетті органының нөмірі}

FM17ATEX0072X
FM21UKEX0038X
II 1G Ex ia IIC T6..T4 Ga
II 1D Ex ia IIIC T96°C Da
II 2G Ex db mb IIC T6..T4 Gb
II 2D Ex tb IIIC T96°C Db

FM17ATEX0093X
FM21UKEX0039X
II 3G Ex ic IIC T6..T4 Gc
II 3D Ex tc IIIC T96°C Dc

(IEC)

IECEX FMG 07.0007X
Ex ia IIC T6..T4 Ga
Ex db mb IIC T6..T4 Db;
Ex tb IIIC T96°C Db
Ta=-40°C бастап +85°C дейін (Жұмыс температурасы)
IP66

{Ұлыбританияның сәйкестік таңбалауы,
QAN бекітуші органының нөмірі}

{Сертификат нөмірі}
{Сертификат нөмірі}
{Ұшқынқауіпсіз, газ}
{Ұшқынқауіпсіз, шаң}
{Отқа төзімді/ корпустағы үй-жай, газ}
{Корпуспен қорғау, шаң}

{Сертификат нөмірі}
{Сертификат нөмірі}
{Ұшқынқауіпсіз, газ}
{Корпуспен қорғау, шаң}

{Сертификат нөмірі}
{Ұшқынқауіпсіз}
{Жарылудан қорғалған, газ}
{Корпуспен қорғау, шаң}

{Сыртқы әсерлерден қорғау дәрежесі}

6.3 Жұмыс ауқымдары

- 6.3.1 Температура: -40 °C-тан +85 °C-қа дейін
- 6.3.2 Кернеу: 30 Вольт
- 6.3.3 Қысым: 150 фт/ш. дюйм (1,03 МПа)
- 6.3.4 Ток: 4–20 mA

6.4 Корпус түрі

4X-IP66 түрі

6.5 Температура коды

T6 Ta=60°C, T5 Ta=75°C, T4 Ta=85°C

6.6 Жарылыстан қорғау дәрежесі бойынша ескертпелер

ЖАРЫЛЫС ҚАУІПІ БАР АТМОСФЕРА БОЛҒАН КЕЗДЕ ОҚШАУЛАНҒАН ЖАҒДАЙДА ДА АШУҒА БОЛМАЙДЫ

6.7 Ұшқын қауіпсіздігі бойынша ескертпелер

- 1) ҚОСЫМША САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ НЕМЕСЕ ЕСКЕРТУЛЕР – ҚАР.: ES-699
- 2) Қуат көзін қосудың электр сымдары қоршаған ортаның максималды температурасынан 5 °C-қа жоғары температураға есептелген
- 3) БҮКІЛ ҚЫЗМЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ ҮШІН ТАҢДАЛҒАН ҚОРҒАНЫС ТҮРІН КӨРСЕТІҢІЗ. ТАҢБАЛУДАН КЕЙІН ҚОРҒАНЫС ТҮРІН ӨЗГЕРТУ МҮМКІН ЕМЕС

6.8 Модель коды:

SVI2-abcdefgh


(түсініктемелер үшін жоғарыдағы 3-бөлімді қараңыз)

6.9 Сериялық нөмірі:

SN-nnyywwnnnn

7 *Үшқынқауісіз қондырғының электр сымдарына қойылатын талаптар

Әрбір үшқынқауісіз кабельде жерге түйықталған экран болуы керек немесе оны белек металл кабельдік арнада өткізу керек.



*«ia» және «is» қатысты қолданылады

8 Үшқынқауіпсіз орнату және 2-бөлім бойынша ескертпелер

8.1 ҚАУІПТІ АЙМАҚ

Құрылғыны орнатуға болатын ортаның сипаттамасын құрылғының заттанбауынан қараңыз.

8.2 СЫРТҚЫ ЭЛЕКТР СЫМ ЖҮЙЕСІ

Үшқынқауіпсіз сым жерге тұйықталған, экрандалған кабельді қолдана отырып орындалуы керек немесе жерге тұйықталған металл кабель арнасына салынуы керек. Қауіпті аймақтағы электр тізбегі жерге немесе аппарат жақтауына 500 В айнымалы тоқтың сынау кернеуіне 1 минут бойы төтеп беруі тиіс. Орнатуды Masonite/лап нұсқауларына сәйкес орындау керек. Тосқауылдарды жерге тұйықтауды қоса алғандағы монтаждау қолданылатын елдегі монтаждау процедурасына қойылатын талаптарға сай болуы керек.

Factory Mutual (АҚШ) талаптары: ANSI/ISA RP12.6 (Жарылыстан қорғалған жабдықты қауіпті аймақтарға орнату) және Электр жабдықты жобалау, орнату мен пайдалану нормалары (АҚШ), ANSI/NFPA 70. 2-ші кіші сынып аймақтарындағы монтаждау жұмыстарын Электр жабдықты жобалау, орнату мен пайдалану нормаларына (АҚШ), ANSI/NFPA 70 сәйкес орындау керек. 4-ескертпені де қараңыз.

Factory Mutual (Канада) талаптары: Канаданың электр техникалық нормалары мен қағидалары, 1-бөлім. 2-ші кіші сынып аймақтарындағы монтаждау жұмыстарын Канаданың электр техникалық нормалары мен қағидаларында баяндалған 2-ші кіші сынып аймақтарындағы электр монтаждау әдістеріне сәйкес орындау керек. 4-ескертпені де қараңыз.

ATEX (ЕО) талаптары: Үшқынқауіпсіз қондырғылар айрықша санатқа байланысты EN60079–10 және EN60079–14 стандарттарына сәйкес орнатылуы керек.

8.3 SVI-II AP (+) және (-) үшін 4–20 мА-ге арналған ВХ клеммалары

Бұл клеммалар SVI-II AP аспабын қуаттайды. Тосқауыл дегеніміз, MTL 728 сияқты контроллердің шығысы түрі.

Қорғау санаттары/NIFW: $V_{max} = 30$ В тұр ток; $I_{max} = 125$ мА; $C_i = 6,5$ нФ; $L_i = 1$ мкГн; $P_{max} = 900$ мВт.

8.4 SVI-II AP (+) және (-) үшін 4–20 мА-ге арналған ШЫҒ клеммалары

Бұл клеммалар клапанның орналасуына байланысты 4–20 мА сигналын қамтамасыз етеді. 4–20-ға арналған ШЫҒ клеммалары өлшеу түрлендіргішінің клеммалары сияқты әрекет етеді, сондықтан бұл қосымша үшін 250 Ом (ішкі немесе сыртқы) сериялық кедергісі бар түрлендіргіш типті тосқауыл қолданылады. Мысалы, MTL 788 немесе 788R.

4–20-ға арналған ШЫҒ функциясын пайдалану ATEX-тің үшқын қауіпсіздігі талаптарына сәйкес сертифицирталған және 0-аймақта пайдалануға рұқсат етілген. 4–20 мА-ге арналған ШЫҒ функциясын пайдалану FM талаптарына сәйкес сертифицирталмаған. Егер үшқын қауіпсіздігі бойынша FM сертифицирталмауы қажет болса, 4–20 мА-ге арналған ШЫҒ функциясын үшқын қауіпсіздігі қондырғысында пайдалану мүмкін емес. 4–20 мА-ге арналған ШЫҒ функциясы өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес SVI2 орнату кезінде DIV 2 аймағында және DIV 1 аймағында пайдалану үшін FM талаптарына сәйкес сертифицирталмаған.

Қорғау санаттары/NIFW:

$V_{max} = 30$ В тұр ток; $I_{max} = 125$ мА; $C_i = 8$ нФ; $L_i = 1$ мкГн; $P_{max} = 900$ мВт.

8.5 SVI-II AP (+) және (-) үшін PV 1–5VDC клеммалары

SVI-II AP құрылғысының өлшеуіш технологиялық түрлендіргіші және PV кірісі тосқауылмен қорғалған. Өлшеу түрлендіргішінің 4–20 мА сигналы өлшеу түрлендіргішінің тосқауылында 1–5 В болып түрлендіріледі. 1–5 В сигналы ЦБЖ тарапынан басқарылады және кірістірілген процесс контроллері үшін SVI-II AP тарапынан пайдаланылады. Сенсорлық резистор тосқауылда немесе цифрлық басқару жүйесінде (ЦБЖ) болуы мүмкін.

Өлшеуіш технологиялық түрлендіргіш технологиялық түрлендіргіштің тосқауылымен бірге пайдалануға рұқсат етілуі керек. Тиісті тосқауылдың мысалы – MTL 788 немесе 788R

Кіріс тосқауылы мысалы PV — MTL 728.

Нысан параметрлері /SVI-II AP құрылғысының PV клеммалары NIFW:

$V_{max} = 30$ В тұр ток; $I_{max} = 125$ мА; $C_i = 1$ нФ; $L_i = 0$ мкГн

$P_{max} = 900$ мВт

8.6 SVI-II AP (+) және (-) үшін SW клеммалары

SVI-II AP аспабында жартылай өткізгіш түйіспелері бар екі тәуелсіз оқшауланған шығыс бар. Олар SW#1 және SW#2 деп белгіленген. Ауыстырып қосқыштар полярлыққа сезімтал – яғни шартты ток плюс клеммасы АРҚЫЛЫ өтеді. Сай келетін тосқауылдардың мысалдары MTL 707, MTL 787 және MTL 787S болып табылады. Нысан параметрлері/NIFW:

$V_{max} = 30$ В тұр ток; $I_{max} = 125$ мА; $C_i = 5$ нФ; $L_i = 10$ мкГн

$P_{max} = 900$ мВт

8.7 SVI-II AP (1), (2) және (3) үшін REMOTE клеммалары

REMOTE клеммалары тірек кернеуін жайғасымды қашықтықтан зондтаудың қосымша потенциометріне жібереді. Ток, кернеу және қуат SVI-II AP аспабымен шектеледі.

REMOTE клеммаларын қорғау санаты бойынша параметрлер 4–20 мА кіріс тосқауылы параметрлері болып табылады.

SVI-II REMOTE MOUNT құрылғысы SVI-II AP көмегімен жайғасымды қашықтықтан анықтау құралы ретінде пайдалануға рұқсат етілген.

SVI-II AP үшін нысан параметрлері/NIFW:

$U_o/V_o c = 6,5$ В $I_o/I_s c = 9,6$ мА

$C_a = 22$ мкФ $L_a = 300$ мГн

Тек сәйкес потенциометрге қосыңыз
SVI-II REMOTE MOUNT — қорғау санаты бойынша параметрлер/қуатты шектеу параметрлері:
 $U_i/V_{max} = 6,5 \text{ В}$, $I_i/I_{max} = 10,5 \text{ мА}$, $C_i = 0,066 \text{ мкФ}$, $L_i = 0$, $P_i = 68 \text{ мВт}$

8.8 Digital In клеммалары (цифрлық кірістер)

Digital In клеммасы энжар коммутаторға тікелей қосылуға жарамды.

Қорғау санаттары/NIFW:

$U_o/V_{oc} = 6,5 \text{ В}$ $I_o/I_{sc} = 72 \text{ мА}$

$C_a = 1,25 \text{ мкФ}$

$L_a = 2 \text{ мГн}$

Тек энжар (қуатсыз) ауыстырып қосқышқа қосыңыз.

8.9 Құрылғы компоненттеріне қойылатын талаптар

Кабель сыйымдылығы мен индуктивтілігі және ұшқын қауіпсіз құрылғының қорғалмаған сыйымдылығы (C_i) мен индуктивтілігі (L_i) қосалқы жабдықта көрсетілген сыйымдылық (C_a) пен индуктивтілік (L_a) рұқсат етілген мөндерінен аспауы керек. Егер тосқауылдың қауіпті аймағы жағынан қосымша қол коммуникаторы қолданылса, онда коммуникатордың сыйымдылығы мен индуктивтілігін қосу керек, ал коммуникатор жарылу қаупі бар аймақта қолдануға рұқсат етілуі керек. Бұдан бөлек, қол коммуникаторының шығыс тогын тиісті жабдықтың шығыс тогына қосу керек. Тосқауылдар белсенді немесе энжар болуы және қорғаныс санаты бойынша тізімделген параметрлерге сәйкес келген жағдайда кез келген сертификатталған өндіруші тарапынан жеткізілуі мүмкін.

8.10 Шаңды ортада пайдалану

Қауіпті аймақтарға орнатқан кезде, шаң өткізбейтін тығыздауыштарды қолданған жөн.

8.11 Бұрын сертифицикатталған ұшқынқауіпсіз тосқауылсыз орнатылған құрылғы кейіннен ұшқынқауіпсіз жүйеде ЕШҚАШАН қолданылауы керек. Құрылғыны тосқауылсыз орнату құрылғының қауіпсіздікпен байланысты компоненттеріне қайтымсыз зақым келтіруі мүмкін, бұл болса құрылғыны ұшқынқауіпсіз жүйеде қолдану үшін жарамсыз етеді.

9 ЖӨНДЕУ

ЖАБДЫҚТЫҢ ЖАЛЫН СӨНДІРУ ЖОЛАҚТАРЫ ЖӨНДЕУГЕ АРНАЛМАҒАН.

ЖАЛЫН СӨНДІРУ ҚОСЫЛЫМЫН ЖӨНДЕУ ҚАЖЕТ БОЛСА, ДАЙЫНДАУШЫҒА ХАБАРЛАСЫҢЫЗ.

ЕСКЕРТУ: ЖАРЫЛЫС ҚАУПІ – КОМПОНЕНТТЕРДІ АУЫСТЫРУ ҚАУІПТІ ОРТАДА ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІГІНЕ ТЕРІС ӨСЕР ЕТУІ МҮМКІН.

Жөндеу жұмыстарын тек білікті персоналға жүргізуге рұқсат етіледі.

SVI II AP аспабында пневматикалық қақпақты, электроника модулін, пневматикалық релені, I/P және басты қақпақты ауыстыру (дисплейі бар немесе дисплейі жоқ) орнында жалғыз рұқсат етілген жөндеу болып табылады. Бөлшектерді ауыстыру ТЕК түпнұсқа Maseonelan бөлшектерін қолдану арқылы жасалуы керек. Тек Maseonelan жеткізетін бөлшектерге рұқсат етіледі. Бұл ескерту ірі тораптарға ғана емес, монтаждау винттері мен тығыздағыш сақиналарға да қатысты. Maseonelan бөлшектерін басқа өндірушілер бөлшектеріне ауыстыруға тыйым салынады. Толық ауыстыру процедуралары SVI-II AP жылдам іске қосу нұсқаулығында сипатталған. Төмендегі түйіндеме SVI-II AP қауіпсіз қолданысын қамтамасыз етеді. Қосымша ақпарат алу үшін 12970 Normandy Blvd, Jacksonville FL 32221 USA (АҚШ) мекенжайы бойынша Maseonelan Dresser LLC компаниясына хабарласыңыз.

9.1 Басты қақпақ

Келесіге көз жеткізіңіз:

Аралық қабат корпус ернемегіндегі

Кабельдер немесе сымдар қақпақтың ернемегімен қысылмайды.

Қақпақтың ернемегі зақымдалмаған және тоттануға бейім емес.

Қақпақтың төрт бұрандамасы мықтап бекітілген.

Қақпақтың төрт бұрандамасын 55 ± 5 дюймдік фунт күшімен бекітіңіз.

9.2 Электроника блогы

Келесіге көз жеткізіңіз:

4 тығыздағыш сақина электроника блогының негізінде орнатылған және зақымдалмаған.

Төрт бекіткіш бұрама тығыз тақалады.

9.3 I/P

Келесіге көз жеткізіңіз:

Сым корпус арқылы тартылған кезде зақымдалмайды.

Бір тығыздағыш сақина сым муфтасының орнында тұр және зақымдалмаған.

Төрт бекіткіш бұрама тығыз тақалады.

Сым төлкесін корпус арқылы орнату ешқандай күш жұмсауды қажет етпейді.

9.4 Реле

Келесіге көз жеткізіңіз:

Бес тығыздағыш сақина реле негізінде орналасқан және зақымдалмаған

Үш бекіткіш бұрама тығыз тақалады.

9.5 Пневматикалық қақпақ

Келесіге көз жеткізіңіз:

Тығыздағыш арықшада орналасқан.

Бекіткіш бұрандалар мықтап бекітілген.

10 ТАРИХЫ:

Авторлық құқық 2021. Осы құжат және ондағы барлық ақпарат Dresser LLC компаниясының меншігі болып табылады.

РЕД.	Сипаттамасы	Күні
A	Бастапқы шығарылым	2005 ж. 16 тамыз
B	Қайта қаралған модель коды, температура мин. ХР - 20 °С; FM/CSA, аналогтық шығыстар жоқ	2005 ж. 27 қыркүйек
C	PDev DR 0208	12.10.2005 ж.
D	PDev DR 0225	28.11.2005 ж.
E	ADR-002909	08.05.2006 ж.
F	ADR-002948	06.09.2006 ж.
G	ADR-002987	2007 ж. 12 ақпан
H	ADR-003099	28МАУ08
J	ADR-003318	2FEB10
K	ADR-003330	25MAR10
L	ADR-003353	18МАУ10
M	ADR-003412	17SEP10
N	ADR-003430	27ОCT10
P	ADR-003505	7MAR11
R	ADR-003581	20SEP11
T	ADR-003626	24FEB12
U	ADR-003666	19APR12
B	ADR-003737	04SEP12
W	ADR-003833	19MAR13
Y	ADR-003853	03JUN13
AA	ADR-003984	22APR15
AB	ADR-004071	06OCT15
ПГ	PDR ECO-0026891	28OCT16
AD	PDR ECO-0029774	15NOV17
AE	PDR ECO-0038580	23AUG19
AF	PDR-ECO-0042635	29OCT20
AG	PDR ECO-0043755	02FEB21
AH	PDR ECO-0044499	04APR21